

UNIVPM - ZHETYSU UNIVERSITY СЕРІКТЕСТІГІ



2025 жылы 17 қарашада І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Ректоры Ермек Бөрібаев бастаған делегация Марке политехникалық университетіне (UNIVPM) ресми іссапармен барды. Бірінші күні ауылшаруашылық факультетінің деканы профессор Давиде Нери, қосдипломдық бағдарлама координаторы Бруно Меззетти, Ауылшаруашылық ғылымдар мен технологиялары білім беру бағдарламаларының координаторы, профессор Франческо Солфанелли және халықаралық қатынастар офисінің маманы Алессандра Андрекианимен кездесу болды.

Екі жоғары оқу орны байланысының бұл кезеңі нақты сұрақтарды шешуге бағытталды. Соның ішінде қос дипломды бағдарламалар санын көбейту, Жетісу университеті студенттерінің Италияндық университетте оқу процесін тиімді ұйымдастыру және

профессорлық құрамның бірлескен ғылыми жобаларын жүзеге асыру мәселелері бар.

Жоспарға сәйкес келесі оқу жылында Жетісу университетінің студенттері UNIVPM университетінде соңғы курстарын оқып, емтихан тапсырып, практикалық базада тәжірибеден өтіп, қос диплом алатын алғашқы лек болмақ. Бұл өз кезегінде, екі университетке ортақ магистратура бағдарламаларын ашуға септігін тигізеді.

UNIVPM ауылшаруашылық саласының болашағын нақты ғылыми зерттеулердің нәтижелеріне негіздеп, білім беру бағдарламаларын нарықтың сұранысына сай жұмыс берушілермен бірлесіп мамандарды даярлауды қолға алған. Биотехнология, инженерия, геномика, жасанды интеллект курстарын шетелдік университетте меңгерту қарастырылған. Бұл тәжірибе Жетісу университетіне өте маңызды. Себебі,



университеттің басты миссиясы - Жетісу өңірі мен елімізге қажетті бәсекеге қабілетті мамандарды дайындау. UNIVPM қазіргі таңда қос дипломды ауылшаруашылық бағдарламаларын Франция, Венгрия және Хорватия мемлекеттерімен бірлесіп жүзеге асырады.

Сонымен қатар, делегация мүшелері UNIVPM эксперименталды фермасына барып, жемістер мен дақылдарды өсіру жұмыстарында қолданылатын заманауи технологиялық жетістіктермен танысты. Ерекше назар аударатын жәйт, университет лабораториясында бастауын алған 300-ге жуық жемістің генотипі сақталып, осы фермада өсіріледі. Марке политехникалық университеті Жетісу университетімен академиялық салада достық қарым-қатынасты нығайтуға дайын екенін жеткізді.



БҰҰ Тұрақты даму қорымен меморандум



Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетіне Италия Республикасының Қазақстандағы Миссия басшысының орын-

басары Аниелло Петито бастаған италиялық делегация келді. Дипломатиялық корпус өкілдерін, халықаралық ұйымдарды, шетелдік жоғары оқу орындарын және қазақстандық академиялық қауымдастықты бір арнаға тоғыстырған «Италия асханасы апталығы» мәдени шарасы өтті. Шараға Марке политехникалық университеті, Камерино университеті (Италия) және Шаньдун ауылшаруашылық университетінің (Қытай) ғалымдары да қатысты. Мәдени басқосуда университет ректоры Ермек Бөрібаев құттықтау сөз сөйлеп, Италиядан мәдени және білім беру байланыстарын нығайтудың маңыздылығын атап өтті. БҰҰ Тұрақты даму қорының президенті Маурицио Ароника «Дәстүрден инновацияға: италиялық және қазақстандық тағам мәдениеттерін байланыстыратын тұрақтылық» атты баян-

дама оқып, тұрақты азық-түлік жүйелерін дамытудағы екіжақты ынтымақтастықтың әлеуетіне тоқталды. Ресми бағдарлама аясында Жетісу университеті мен БҰҰ Тұрақты даму қоры арасында Өзара түсіністік туралы Меморандумға қол қойылды. Италия Республикасының Миссия басшысының орынбасары Аниелло Петито мәдениет пен білім саласындағы ынтымақтастыққа қолдау білдірді. Шетелдік қонақтар мен қатысушылар тұрақты ауыл шаруашылығы мен азық-түлік қауіпсіздігі саласындағы өзекті тақырыптарға арналған дәріс тыңдады. Джанлука Брунетти «Азық-түлік қауіпсіздігі және өнім сапасы», Симоне Пианкателли «Жинаудан кейінгі ауруларды басқарудың тұрақты шешімдері», Қанат Ермекебаев «Геномдық, молекулалық және жеделдетілген селекция едістері арқылы Орта Азия бидай-

ын жетілдіру» тақырыбында мазмұнды дәріс оқыды. Мәдени жиын барысында «Aldo Moro» орталығының оқытушылары мен студенттері италиялық ұлттық тағамдарды дайындау бойынша аспаздық мастер-класс өткізді. Қатысушылар дәстүрлі италиялық рецептермен, тағам дайындау технологиясы және Италияның гастрономиялық мәдениетімен жақынырақ танысты.

«Италия асханасы апталығы» мәдени шарасы аясында «Aldo Moro» орталығының оқытушылары мен студенттері италиялық ұлттық тағамдарды дайындау бойынша аспаздық шебер-сынып өткізді. Қатысушылар дәстүрлі италиялық рецептермен, тағам дайындау технологиясы және Италияның гастрономиялық мәдениетімен жақынырақ танысты.

JAS GALYM – 2026



І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде «Jas galym – 2026» жас ғалымдардың ғылыми және ғылыми-техникалық қызметінің нәтижелерін коммерциаландыру жобаларын гранттық қаржыландыру конкурсы өтті.

Ғылыми байқауға 6 факультеттен 27 өтінім түсті. Жұмыстар келесідей бағыттар бойынша қабылданды: білім беру: әлеуметтік-гуманитарлық, жаратылыстану ғылымдары және технологиялар, жасанды интеллект және нейрожүйелер, жасанды интеллект технологияларын экономика, өндіріс, білім беруде қолдану, білім беру, экономика және ғылымдағы цифрлық технологиялар.

Ашылу салтанатында Басқарма Төрағасы – Ректор, заң ғылымдарының докторы, профессор Е. Бөрібаев Жетісу университеті

жаңашыл ғылыми бастамаларды әрқашан қолдайтынын атап өтіп, жас ғалымдарға сәттілік тіледі.

Ғылыми жобаларды арнайы құрылған комиссия өкілдері белгіленген талаптарға сай бағалады. Оның құрамына университеттің ғалымдары, сала мамандары, Жетісу облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы мен «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының өкілдері кірді.

Президент жолдауына сәйкес өткізіліп отырған байқауда жасанды интеллект пен ақпараттық технологиялар саласындағы ізденістерді қолдауға зор көңіл бөлініп отыр. Алдағы уақытта үздік деп танылған жоба жеңімпаздары марапатталып, гранттық қаржыландыруға ие болады.

«HELIOS SOFT»
КОМПАНИЯСЫМЕН
СТРАТЕГИЯЛЫҚ ӘРІПТЕСТІК

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті мен «Helios Soft» компаниясы цифрлық оқыту және ақпараттық технологиялар саласындағы стратегиялық әріптестік туралы меморандумға қол қойды. Бұл келісім – білім беру жүйесінде отандық IT-шешімдерді дамыту мен енгізуге бағытталған маңызды қадамдардың бірі.

Келісім аясында тараптар мемлекеттік ұйымдарда бухгалтерлік есеп пен басқарушылық процестерді автоматтандыруға арналған отандық жетекші бұлтты платформа – «Фаворит» ақпараттық жүйесінде жұмыс істеуді оқыту бағдарламаларын бірлесіп жүзеге асыруға уадаласты.

Әріптестік аясында Жетісу университеті B046 – Қаржы, экономика, банк және сақтандыру ісі және B057 – Ақпараттық технологиялар бағыттары бойынша жаңа пәндер мен оқу модульдерін әзірлеп, білім беру үдерісіне енгізеді.

Жаңа пәндер заманауи цифрлық құралдарды практикалық тұрғыдан меңгеруге, соның ішінде «Фаворит» ақпараттық жүйесінің жұмыс принциптерін үйренуге бағытталатын болады.

Сонымен қатар бухгалтерлік есеп, менеджмент және цифрлық технологиялар саласында қысқа мерзімді курстар мен микроквалификация бағдарламаларын ұйымдастыру жоспарлануда. Бұл тыңдаушылардың кәсіби дағдыларын жетілдіруге және еңбек нарығында сұранысқа ие мамандар даярлауға мүмкіндік береді.

Жетісу университеті мен Helios Soft арасындағы ынтымақтастық елдің кадрлық әлеуетін арттыруға, цифрлық сауаттылықты дамытуға және отандық IT-шешімдерді ілгерілетуге елеулі үлес қосады.

CYBERSCHOLAR ВЕБ-
ҚОСЫМШАСЫНЫҢ
ПИЛОТТЫҚ АПРОБАЦИЯСЫ

2025 жылғы 14 қарашада І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Huawei АКТ академиясында AP25794537 “Жасанды интеллект тілдік емес мамандықтар студенттерінің академиялық ағылшын тілін меңгерудегі көмекшісі ретінде: рандомизацияланған зерттеу” атты ғылыми жобасы аясында CyberScholar веб-қосымшасының пилоттық апробациясы өтті.

Іс-шараға АҚШ-тың Иллинойс Урбана-Шампейн университетінің (UIUC) зерттеушісі, PhD Vania Castro арнайы қатысып, өз тәжірибесімен бөлісті.

Әлемнің ең үздік 50 университетінің және Research санаты бойынша ең үздік 20 оқу орнының қатарына кіретін UIUC жасанды интеллект пен цифрлық білім беру саласындағы беделді ғылыми орталықтардың бірі болып саналады.

Пилоттық эксперимент барысында білім алушылар CyberScholar платформасына өздерінің ағылшын тіліндегі эсселерін жүктеп, веб-қосымшаға кіріктірілген жасанды интеллекттен нақты әрі жедел кері байланыс алды. Студенттер ұсыныстарға сәйкес жұмыстарын қайта өңдеп, жаңартылған нұсқасын қайта

жүктеп, критериялды бағалау негізінде жұлдызша түрінде баға алды. Зерттеушілер студенттердің прогресін салыстыру арқылы қосымшаның тиімділігін бағалайды.

CyberScholar платформасы бұған дейін АҚШ-тың алты штатында жоғары сынып оқушыларымен сәтті апробациядан өткен. Қазіргі уақытта жобаның географиясы кеңейіп, Бразилия, Тайвань және Қазақстанда іске асырылуда.

Жоба жетекшісі – PhD Райгүл Желдибаева, Иллинойс университетінің EPOL факультетінің зерттеуші-аффилияты. Бұған дейін жас ғалым «500 ғалым» бағдарламасы аясында бір оқу жылын UIUC университетінде өткізіп, нәтижелі зерттеулер жүргізді.

Сондай-ақ UIUC профессорларымен бірлесе жоғары рейтингі бар халықаралық ғылыми журналдарда бірнеше мақаласы жарияланды.

Берілген ғылыми жобаның сәтті жүзеге асырылуы Қазақстандағы жасанды интеллектті білім беру үдерісіне тиімді интеграциялау жолындағы маңызды қадамдардың бірі болып отыр.

МАРКЕ ПОЛИТЕХНИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ФИЛИАЛЫНДАҒЫ ОҚУ ПРОЦЕСІ



Жаңа оқу жылында Жетісу университетінде Италияның Марке политехникалық университеті (Università Politecnica delle Marche) филиалының оқу процесі өз жұмысын бастады.

Оқыту үдерісіне италиялық профессорлар қатысып отыр: доктор Жанлука Брунетти (Gianluca Brunetti) — ауыл шаруашылығы химиясы және биохимиясы бойынша қауымдастырылған профессор, доктор Симоне Пианчателли (Simone Piancatelli) — өсімдік патологиясы

саласының маманы.

Бүгінде аталған профессорлар студенттерге дөріс сабақтарын өткізіп, еуропалық жоғары білім тәжірибесін бөлісуде. Бұл – екі университет арасындағы халықаралық серіктестіктің нақты нәтижесі және студенттер үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашатын маңызды кезең.

Бұл бастама — Жетісу университетінің халықаралық деңгейде интеграциялануы мен сапалы білім беруге бағытталған стратегиялық қадамы.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-
ӘДІСТЕМЕЛІК СЕМИНАР

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің базасында «Инклюзивті білім беру жағдайындағы мектепке дейінгі ұйым педагогтарының тәжірибесі» тақырыбында халықаралық ғылыми-әдістемелік семинар өтті.

Семинардың негізгі мақсаты – мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивті білім беруді тиімді іске асыруға ықпал ететін озық педагогикалық тәжірибені жинақтау және тарату. Сондай-ақ, семинар педагогтердің кәсіби құзыреттерін ғылыми-әдістемелік өзара әрекеттестік пен халықаралық ынтымақтастық арқылы дамытуға бағытталды.

Семинарға жоба орындаушылары, жоғары оқу орындарының оқытушылары, Талдықорған, Текелі, Астана, Қарағанды, Семей қалаларының мектепке дейінгі ұйымдарының педагог-психологтары мен дефектолог-мұғалімдері, Талдықорған қаласындағы №1 Облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация, облыстық білім басқармасының, №1 Психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінің басшылары, сондай-ақ Минск және Бішкек қалаларынан келген мамандар қатысты.

Іс-шара соңында әр қатысушыға Алғыс хат пен жоба орындаушыларының «Инклюзивті білім беру: теория және практика» атты авторлық оқу құралы табысталды.

Айта кетейік, халықаралық ғылыми-әдістемелік семинар AP23488199 – «Инклюзивті білім беру жағдайында мектепке дейінгі ұйымдардың болашақ педагогтерін кәсіби қызметке даярлау» жобасы аясында ұйымдастырылды.

ШОҚАН УӘЛИХАНОВТЫҢ
ТУҒАНЫНА 190 ЖЫЛ

Жетісу университетінде ұлы ғалым, этнограф, саяхатшы және қазақтың халық дипломаты Шоқан Уәлихановтың туғанына 190 жыл толуына арналған кездесу кеші өтті.

Іс-шараға «Россотрудничество» қоғамдық қорының басшысы М.Симакова, «Туран ТВ» телеарнасының бас директоры Р. Ботабеков, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі И.Иминов, белгілі режиссер А.Нияулин, Ш.Уәлиханов атындағы «Алтынемел» мемориалдық музейі филиалының меңгерушісі М.Рахатова сондай-ақ гуманитарлық факультетінің оқытушылары мен студенттері қатысты.

Кездесуге арнайы келген қонақтарды ректор Ермек Бөрібаев қарсы алып, Шоқан Уәлиханов мұрасы Орталық Азиядағы гуманитарлық ғылымдар мен мәдениетаралық диалогтың дамуына маңызды үлес қосып келе жатқанын атап өтті.

Іс-шара барысында М.Симакова «Ресей және Орталық Азия: тарих және мәдениет» атты кітапты таныстырып, Жетісу университетінің музейіне сыйға тартты. Бұл басылым өңір халықының достық, мәдени және гуманитарлық байланыстарының дамуына арналған хронологиялық жинақ. Кітаптың алғашқы бетінде Шоқан Уәлихановтың бейнесі орналасқан, бұл оның халықтар арасындағы өзара түсіністі нығайтуға қосқан үлесін айрықша айқындайды.

Кездесуге келген қонақтар қазақстандық ғалымдардың Шоқан Уәлихановтың ізімен Қашғарға жасаған бірегей экспедициясына ерекше назар аударды. Зерттеу тобы XIX ғасырдағы сапар бағытын қалпына келтіріп қана қоймай, Уәлиханов еңбек еткен тарихи-мәдени контексті түсінуге, сондай-ақ өңірдің соңғы бір жарым ғасырдағы өзгерістерін көруге талпынған. Экспедиция барысында ғалымдар Шоқан сипаттаған негізгі тарихи орындарды, дәлірек айтсақ, Айтках мешіті, базарлар, Алтышаһардың көне қалалары, сондай-ақ Хотан, Жәркент және Атуц аймақтарын аралаған.

Шоқан Уәлиханов мұрасы ғылымдағы батылдыңтың, гуманитарлық көзқарастың және шынайы патриотизмнің айқын үлгісі болып қала береді. Оның еңбектері Қазақстан мен әлем зерттеушілерін осы күнге дейін рухтандырып келеді.

Жетісу университетінің студенттері ҚР Қаржылық мониторингі агенттігінің Жетісу облысы бойынша экономикалық тергеп-тексеру департаменті қызметкерлерімен кездесті.

ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ПЕН ЦИФРЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Кездесу «Қаржылық мониторинг агенттігінің қызметі және цифрлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету» тақырыбында өтті. Білім алушыларға департамент басшысы Еркін Тюмелиев Қаржылық мониторинг агенттігінің және экономикалық тергеп-тексеру департаментінің негізгі қызметі мен міндеттері туралы жан-жақты баяндады. Ол елімізде заң мен тәртіп үстемдік құрып, әр қызметкер өз жұмысын адал әрі үлкен жауапкершілікпен атқарған кезде экономикалық қылмыстардың болмайтынын жеткізді.

Кездесу барысында департамент қызметкерлері жастарға Қаржылық мониторинг академиясына оқуға түсу жолдары мен қызметке орналасу талаптары туралы түсіндірді. Мамандар жастарға интернеттегі алаяқтық түрлерінен сақтану, жеке деректерді қорғау және киберқауіпсіздік талаптарын сақтау

жөнінде маңызды кеңестер берді.

Айта кетейік, аталмыш кездесу қоғамда «Заң мен тәртіп» идеологиясын ілгерілету жөніндегі 2025–2030 жылдарға арналған тұжырымдама аясында ұйымдастырылды.

КЕЗДЕСУ ӨТТІ



І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті, Жетісу облысының прокуратурасы және университет ұжымының қатысуымен «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы аясында кеңейтілген кездесу өтті.

Іс-шараға университет қызметкерлері, профессор-оқытушылар құрамы және студенттер қатысты.

Кездесуді әлеуметтік жұмыс және жастар саясаты жөніндегі проректор Болат Сериев ашып, шараның қоғамдағы құқықтық мәдениетті арттыруға бағытталғанын атап өтті.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы Манап Қобылан «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы аясында құқықтық мәдениетті нығайту жолдары, лудоманияның қаупі, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және мемлекеттік қызметте әдеп нормаларын сақтау мәселелері бойынша баяндама жасады. Сонымен қатар, Манап Тоқбергеновтың мемлекеттік қызмет жүйесіндегі ашықтық пен адалдық принциптерінің маңызын атап өтіп, студенттерге мемлекеттік қызметке тұру тәртібі мен мүмкіндіктері жөнінде ақпарат берді.

Құқық және экономика факультетінің деканы Ғалым Телеев құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша арнайы презентация ұсынып, жастар арасында жиі кездесетін мәселелерге тоқталды. Декан өз сөзінде алаяқтықтың жаңа формалары мен одан сақтану жолдарын, сондай-ақ лудоманияның әлеуметтік және құқықтық салдарын нақты факторлар мен статистикалық деректер негізінде түсіндірді.

Іс-шара соңында қатысушылар спикерлерге сұрақтар қойып, пікір алмасты.

Заң кеңесін тегін беру акциясы

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде Адам құқықтарын құрметтеу және әділеттілік қағидатын жүзеге асыру мақсатында «Заң мен тәртіп» идеологиясын ілгерілету тұжырымдамасы аясында халыққа тегін заң кеңесін беру акциясын Жетісу облысы Әділет департаментімен бірлесе отырып өткізілді.

Акцияның негізгі мақсаты – азаматтардың құқықтық сауаттылығын жан-жақты арттыру, олардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау саласындағы білім деңгейін көтеру, Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген негізгі құқықтар мен міндеттердің мән-маңызын түсіндіру арқылы қоғамда заңға

құрметпен қарау мәдениетін қалыптастыру болып табылады.

Бұл бастама азаматтарға өз құқықтарын тиімді жүзеге асыру мен заңдық нормаларды дұрыс қолдану тетіктерін үйретуге, әділдік пен теңдік қағидаттарын күнделікті өмірде орнықтыруға, құқықтық мәдениеті жоғары азаматтық қоғамды дамытуға бағытталған.

Акция әділетті қоғам құруға бағытталған әлеуметтік жауапкершіліктің көрінісі бола отырып, «Заң мен тәртіп» идеологиясын қоғамда кеңінен насихаттауға өз үлесін қосты.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП - ЕРКІН БОЛАШАҚ КЕПІЛІ

Құқық және экономика факультетінің студенттері Талдықорған қаласы прокуратурасының мемлекеттік айыпты қолдау бөлімінің аға прокуроры Дана Сәрсенбаймен кездесті. Кездесуді әлеуметтік жұмыс және жастар саясаты жөніндегі проректор Болат Сериев жүргізіп, Дана Нұрланқызы елімізге танымал жас прокурор, Жетісу университетінің түлегі екенін жеткізді.



прокуратура саласындағы қызмет қағидаттары, қоғамдық мүддені қорғау, әділ сот процесін қамтамасыз ету, заң нормаларын қатаң сақтау, құқықтық реформалар мен заманауи үрдістер туралы кеңінен баяндады. Дана Сәрсенбай қоғамда қызу талқыланды істерде прокурор эмоцияға берілмей, заң тілімен сөйлеу қажет екенін жеткізіп, өз тәжірибесін ортаға салды. Студенттердің прокурордың негізгі міндеті,



«Дана Сәрсенбай – жаңа буын прокурорларының өкілі. Өздеріңіз білесіздер, Дана қоғамда үлкен резонанс тудырған Шерзат Полаттың ісінде мемлекеттік айыптаушы ретінде қызмет атқарды. Өз ісінің кәсіби маманы ретінде танылып, көпке үлгі болды. Бүгінгі кездесуде Дана Нұрланқызы сіздерге «Заң мен тәртіп еркін болашақ кепілі» тақырыбында дәріс оқып, өз тәжірибесімен бөлісіп, сұрақтарыңызға жауап береді», – деді проректор Б.Сериев. Қонақ өз дәрісінде қоғамда заң мен тәртіп идеологиясын ілгерілету тұжырымдамасы,



қызметтік мансап, құқықтық сауаттылық жөніндегі сұрақтарына жауап берді.

Дәрісті Құқық және экономика факультеті қоғамда заң мен тәртіп идеологиясын ілгерілету жөніндегі 2025-2030 жылдарға арналған тұжырымдаманы іске асыру аясында ұйымдастырды.

ZAN TIME



Жетісу университетінде Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен 2025–2030 жылдарға арналған “Заң және тәртіп” идеологиясын ілгерілету аясында студенттерге арналған «ZanTime» интеллектуалдық ойыны өтті.

Іс-шараның мақсаты:

- жастар арасында заң үстемдігін дәріптеу;
- құқықтық ойлау қабілетін дамыту;
- заң нормаларын өмірлік жағдаяттарда қолдану дағдыларын жетілдіру;
- қоғамда тәртіп пен әділдік қағидатын

нығайту.

Ойын студенттердің қызығушылығын оятып, құқықтық білімді шығармашылық әрі интерактивті форматта меңгеруге мүмкіндік берді.

«ZanTime» – тек ойын емес, құқықтық жауапкершілікті сезіндіретін, әділетті қоғам қалыптастыруға бағытталған маңызды қадам.

«Заң үстемдігі – тұрақтылық кепілі» тақырыбында қоғамдық дәріс

Қоғамда заң мен тәртіп идеологиясын ілгерілету жөніндегі 2025-2030 жылдарға арналған тұжырымдаманы іске асыру аясында Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде «Заң үстемдігі – тұрақтылық кепілі» тақырыбында қоғамдық дәріс өтті.

Дәрісті Талдықорған қаласының прокуратурасы сотқа дейінгі тергеп-тексерудің заңдылығын қадағалау және қылмыстық қудалау бөлімінің бастығы Иманнәсіп Қорабаев жүргізді.

Іс-шара барысында құқық үстемдігін қамтамасыз етудің маңызы, заңдылық пен әділеттіліктің қоғам тұрақтылығындағы рөлі, жастардың құқықтық мәдениетін арттыру бағытындағы өзекті мәселелер талқыланды.

Кездесу студенттердің құқықтық сауаттылығын арттыруға, заңға деген құрмет сезімін қалыптастыруға және азаматтық жауапкершілікті нығайтуға бағытталды.

Іс-шара жастарға мемлекет алдындағы борышты сезіну, заң талаптарын сақтау және әділет қағидаттарын ұстану қажеттілігін түсіндіруге ықпал етті.

КИНОЛОГТАРМЕН КЕЗДЕСУ

Үкімет «Заң және тәртіп идеологиясын ілгерілету жөніндегі 2025-2030 жылдарға арналған тұжырымдаманы» бекітті. Ондағы мақсат - қоғамда құқықтық мәдениет деңгейін қалыптастыру, азаматтардың заңға бағынып, құқық қорғау органдарына деген сенімін арттыру. Осыған орай І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті алғашқылардың бірі болып студенттерге «Заң және тәртіп» идеологиясы аясында облыстық құрылымдық күштер саласының мамандарымен кездесу өткізді. Кездесуге Жетісу облысы прокуратурасының прокурорлары, Жетісу облысы Полиция департаменті кинология қызметінің мамандары қатысты.

Кездесу барысында прокуратура өкілі студенттерге заң үстемдігін қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, сондай-ақ жастар арасында құқықтық мәдениетті қалыптастырудың маңызы туралы айтты.

“Құжат азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыруға және сот төрелігіне қолжетімділікті әрі қарай қамтамасыз етуге, құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған. Әрбір азамат басқа адамдардың құқықтарын құрметтеумен қатар, құқықтық тәртіпті белсенді түрде сақтауы керек” - деді прокурор Ялқун Исмаил

Жетісу облысы Кинология қызметі орталығының аға инспектор-кинологы, полиция капитаны Мақсат Маматжанов жастарға кинология қызметі, қызметтік итерді дайындау, жаттықтыру және оларды түрлі қылмыстардың ізін ашуда қолдану бағытындағы жұмыстарымен таныстырды. Студенттерге полиция қызметкерлерінің күнделікті еңбегі мен қызметтік итердің қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі рөлі туралы жан-жақты ақпарат берді. Кездесу соңында қызметтік итердің із кесу, есірткі заттарын анықтау және қоғамдық тәртіпті сақтау бойынша түсірілген бейнебаян көрсетілді.

Жалпы мұндай кездесулер студенттерге құқықтық білім беру тәжірибесін енгізуге, нақты жағдайларда құқықтық білімді тиімді қолдану қабілетін дамытуға септігін тигізеді.

I. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде 17 қараша – Халықаралық студенттер күніне арналған «#BizStudentter» атты мерекелік көш өтті. Жиында Әлеуметтік жұмыс және жастар саясаты жөніндегі проректор Болат Сериев студенттерді мерекемен құттықтап, оның маңыздылығын атап өтті. «Студенттер күні – арманы асқақ, жүрегі отты талапты жастардың мерекесі. Студенттік кезең – білім мен ғылым айдынына құлаш ұрған қымбат уақыт. Осы уақыттарыңызды бағалай біліңіздер. Сіздерге зор жетістік пен жарқын болашақ тілеймін!», – деді проректор. Салтанатты шара барысында университеттің қоғамдық және мәдени-әлеуметтік өміріне белсенді араласып, өнер көрсетіп жүрген бірқатар студенттер медальдармен, грамоталармен және ақшалай сыйақымен марапатталды.

Университеттің шығармашылық топтары мен студенттік ұйымдарына 150 000 теңгелік сертификаттар ұсынылды, сондай-ақ республикалық және халықаралық деңгейде жетістіктерге жеткен студенттерге 30 000 теңгелік жекелей марапаттар табысталды.

Мерекелік шара концерттік бағдарламамен жалғасын тауып, қатысушыларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.



ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНДА ЖҮЛДЕГЕР АТАНДЫ

2025 жылдың 8–15 қарашасында Бангкок (Тайланд) қаласында өткен джиу-житсудан жастар мен жасөспірімдер арасындағы Әлем чемпионатында I. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Дене шынықтыру және өнер факультетінің студенттері ел намысын абыроймен қорғап, жоғары нәтижеге қол жеткізді!

Жүлдегерлеріміз:

Кенжебай Дарын – жастар (U21), 62 кг — II орын

Талғатқызы Данагүл – жастар, 70 кг — II орын

Байбатыр Бекжан – жасөспірімдер (U18), 62 кг — II орынды иеленді.



Жапония астанасы Токиода XXV жазғы Сурдлимпиада ойындары өтті. Байрақты бөсекеде I. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Дене шынықтыру және өнер факультетінің білім алушысы Әбдрәсіл Рамазан өнер көрсетіп, Грек-рим күресінен 97 кг салмақ дәрежесінде жүлделі III орынды иеленді.

Бұл жетістік – тынымсыз еңбек пен табандылықтың, қажымас дайындықтың жарқын нәтижесі. Рамазанға алғысымызды білдіре отырып, алдағы жарыстарда да толағай табыс пен биік белес тілейміз!

Семей қаласында дзюдодан ерлер мен әйелдер арасында Қазақстан Республикасының чемпионаты өтті. Онда I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Дене шынықтыру және өнер факультетінің студенті Хегай Кира 57 кг салмақ дәрежесінде күреспі жүлделі III орын иеленді.

Астана қаласында ересектер арасындағы ауыр атлетикадан Қазақстан Республикасының чемпионаты өтті. Онда I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Дене шынықтыру және өнер факультетінің студенті Әскербай Әлихан жеңімпаз атанды. Ауыр атлетикадан жасөспірімдер арасындағы Азия чемпионатында екі рет әлем рекордын жаңартқан Әлиханға ректор гранты берілген болатын.

Астанада ауыр атлетикадан ересектер арасындағы Қазақстан чемпионаты өтті. I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Дене шынықтыру және өнер факультетінің студенті Құрманбек Ақжол

серпе көтеруде – 152 кг, жұлқа көтеруде – 200 кг нәтиже көрсетіп, Қазақстан рекордын жаңартып, чемпион атанды!

Ақжолды жеңісімен құттықтап, алдағы спорттық жарыстарда толағай табыс тілейміз!

Дубай қаласында өткен Азия ойындарында Бочча спортынан

I. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Дене шынықтыру және өнер факультетінің студенті

Асқарбеков Қуаныш жүлделі II орынға ие болды!

Бұл – табандылық пен қажырлы еңбектің айқын жемісі.



РЕКТОР КУБОГЫ ЖАРЫСЫ ӨТТІ

Волейболдан I. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің студенттері (ұлдар) арасындағы Басқарма Төрағасы – Ректор кубогы жарысы өтті.

Жарысқа Жаратылыстану-техникалық, Физика-математика, Педагогика және психология, Құқық және экономика, Гуманитарлық факультеттер және Жансүгіров колледжі бой-



ынша алты команда қатысты.

Номинациялар бойынша Маратұлы Тілеуқабыл – Үздік қорғаушы, Нүсіпбек Еркебұлан – Үздік үйлестіруші, Амантай Әрсен – Үздік шабуылшы, Дюсенов Мереке – Үздік ойыншы атанды.

Ойын қорытындысы бойынша 1-орынды Физика-математика факультеті, 2-орынды Жаратылыстану-техникалық факультеті, 3-орынды Педагогика және психология факультеті иеленді.

Жүлделі орын алған командалар мен жекелеген студенттер I. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Басқарма Төрағасы – Ректордың кубогі, грамоталары және бағалы сыйлықтарымен марапатталды.



Қыздар арасында волейболдан Ректор кубогы

I. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде қыздар арасында волейболдан Басқарма Төрағасы – Ректор кубогы жарысы өтті.

Жарысқа Жаратылыстану-техникалық, Физика-математика, Педагогика және психология, Құқық және экономика, Гуманитарлық факультеттері мен Жансүгіров колледжі барлығы алты команда өзара бақ сынады.

Екі күнге созылған тартысты бөсеке барысында қатысушылар жоғары дайындық пен спорттық шеберліктерін көрсетті.

Жарыс қорытындысы бойынша I орын Гуманитарлық,

II орын Физика-математика, ал III орын Жаратылыстану-техникалық факультетіне берілді.

Жеке номинациялар бойынша Дәлелханқызы Сабина (үздік қорғаушы), Хайролла Тамилла, (үздік үйлестіруші), Дәулетжан Назерке (үздік шабуылшы), Нұртлеу Айым (үздік ойыншы) анықталды.

Жеңімпаз командалар мен үздік ойыншылар Ректор кубогімен, грамоталармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Австралия мемлекетінің Голд-Кост қаласында Кекушинкай каратэден Әлем Кубогы өтті.

Онда I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті Дене шынықтыру және өнер факультетінің студенті Нұреке Ұлжан әйелдер арасында Ката бағыты бойынша жеңімпаз атанды! Бұл — табандылық пен үздіксіз жаттығудың жемісі.

Ұлжанға алдағы уақытта да толағай табыстар тілейміз!

ҚҰРЫЛТАЙШЫ: I.ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІ

- Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникация министрлігі, Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитетінде 2018 жылғы 27 қарашада тіркеліп, № 17378-Г куәлігі берілген.
- «Жетісу университеті» газеті Байланыс және Имидждік саясат орталығында теріліп, беттеледі.
- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Газет айына бір рет шығады.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:

Талдықорған қаласы,
Жансүгіров көшесі, 187 а.

Байланыс телефоны: 11-72

Индекс 64568

Бас редактор: Б. Шаянбаева

Редактор: А.Иебекова

Дизайнер: Б.Таубалды